# Қазақстан Республикасының кейбір аудандық (қалалық) соттарын тарату, Қызылорда және Қостанай облыстық соттарын, кейбір аудандық (қалалық) соттарын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 3580 Жарлығы

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар N 2694 Жарлығының 15-бабының 1-тармағына, 10-бабының 1-тармағына сәйкес және Республиканың әкімшілік аумақтық құрылысындағы өзгерістерге байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Мына соттар:

1) Ақтөбе облысы бойынша:
Әйтеке би, Ақтөбе, Мұғаджар аудандық соттары;

2) Батыс Қазақстан облысы бойынша:
Жалпақтал, Приуралье аудандық соттары;

3) Қызылорда облысы бойынша:
Сырдария аудандық соты;

4) Қостанай облысы бойынша:
Амантоғай, Арқалық, Октябрь аудандық соттары;

5) Жамбыл облысы бойынша:
Жаңатас, Қаратау қалалық соттары таратылсын.

2. Мына соттар:

1) Ақтөбе облысы бойынша:
Бөгеткөл аудандық соты Әйтеке би аудандық соты;
Ленин аудандық соты Қарғалы аудандық соты;
Октябрь аудандық соты Мұғалжар аудандық соты болып;

2) Жамбыл облысы бойынша:
Жамбыл қалалық соты Тараз қалалық соты болып;

3) Қостанай облысы бойынша:
Камышнин аудандық соты Қамысты аудандық соты;
Комсомол аудандық соты Қарабалық аудандық соты;

Кустанай облыстық соты Қостанай облыстық соты;
Кустанай қалалық соты Қостанай қалалық соты;
Кустанай аудандық соты Қостанай аудандық соты;
Ленин аудандық соты Ұзынкөл аудандық соты;
Орджоникидзе аудандық соты Денисов аудандық соты;
Семиозер аудандық соты Әулиекөл аудандық соты;
Урицкий аудандық соты Сарыкөл аудандық соты болып;

4) Қызылорда облысы бойынша:
Кзыл-Орда облыстық соты Қызылорда облысы соты;
Кзыл-Орда қалалық соты Қызылорда қалалық соты болып қайта аталсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК